

**5 маймыл**

5 маймыл және  
қоғамдық/ұжымдық теріс  
үйрену дағдысы туралы

Темір тордың ішіне 5 маймыл  
қойылады. Ортада бір саты тұр.  
Сатының үстінде жіппен  
байлаулы әдемі жемістер...

Маймылдар сатыға шығып, әлгі  
жемістерге ұмтылғанда,  
жоғарыдан мұздай су құйылады

Әр маймыл жемістерге ыршып,  
секіргенде, жоғарыдан мұздай  
су құйылады. Маймылдар  
тастай суға бұланып, жаурап  
қалады.

Біраздан соң жеміске қарай жүгірген маймылды өзге маймылдар тоқтата бастайды. Тастай су тоқтатылады да, маймылдардың бірі сыртқа шығарылады. Оның орнына еш нәрседен хабары жоқ басқа бір маймыл қойылады.

Торға кірген маймыл ішкі түйсікпен болса керек, жемістерді көрген бойда, сатыға қарай ұмтылады. Бірақ, бұрынғы 4 маймыл оны жібермейді, тіпті ұра бастайды.

Соңыра, су болған маймылдың тағы бірі шығарылып, орнына басқа маймыл кіргізіледі. Ол да жемістерге жүгіріп, өңге маймылдардан таяқ жеп тынады.



Осы маймылды ең аяусыз  
сабаған жаңа ғана кірген  
маймыл болып шығады. Ол  
жаңа ғана өзі еш себепсіз таяқ  
жеген еді.

Суға жаураған маймылдың  
тағы бірін сыртқа шығарады.  
Оның орнына кірген маймыл  
жеміске ұмтылып, өңге  
маймылдардан қатты таяқ  
жейді.

Бұл маймылды да ең қатты сабағандар жаңа ғана сырттан кірген екі маймыл болып шығады. Шындығына келгенде олар сырттан кірген үшінші маймылды не үшін сабап жатқандарын да білмейді.

Сөйтіп бірінші топтағы маймылдардың барлығы да басқа маймылдармен ауыстырылады. Сатының үстінде ілулі тұрған жемістерді барлығы да ұмытады. Олар тек сырттан кірген маймылды сабаумен болады.

Неліктен деп ойлайсыз?

Өйткені, бұл жерде осындай  
дағды қалыптасқан.  
Бұрынғының жолы солай...

Жоғарыдағы мысал біз адамдарға да сабақ боларлық. Көпшілік проблеманың негізін зерттеудің және шешім өндірудің орнына, қисық та болса бұрынғының жолын ұстануды дұрыс санайды. Олар бұрынғының жолын орындау үшін аяусыздық пен қатыгездікке де баруы ғажап емес.

Өзін өзгертпегенді Аллаһ  
өзгертпес (Құран, 8/53)